

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ



НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР



📄 НҚА атауы	✅ Кім бекітті	🕒 Күшіне енген күні
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт (Астана қ., 2014 жылғы 29 мамыр)	ҚР 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V Заңымен ратификацияланған	Шарт 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді
Еуразиялық экономикалық одаққа мүше - мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім (Санкт-Петербург, 2019 жылғы 20 желтоқсан)	ҚР 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №381-VI Заңымен ратификацияланды	Келісім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.
2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше - мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше - мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары және Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы №122 шешімімен бекітілді (Минск қ.)	Келісіммен бірге бір уақытта 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.
2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше - мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламенті	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 62 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 249 бірлескен бұйрығымен бекітілді	2021 жылғы 28 сәуірден бастап күшіне енді(мемлекеттік органның басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап)

ЕАЭО-ҒА мүше - мемлекеттердің еңбекшілерінің еңбек қызметі ЕАЭО туралы шарттың 26-бөлімінің 97-бабымен реттелген:

Мүше - мемлекеттің жұмыс берушілері және (немесе) жұмыстарға (қызметтерге) тапсырыс берушілері мүше - мемлекеттердің еңбекшілерін еңбек қызметін жүзеге асыруға, ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескермей және жұмысқа орналастырушы мемлекетте еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алмай, тартуға құқылы

Мүше - мемлекет еңбекшісінің еңбек қызметі жұмысқа орналастырушы мемлекет заңнамасымен реттеледі.

Мүше - мемлекет еңбекшісінің және оның отбасы мүшелерінің жұмысқа орналастырушы мемлекеттің аумағында уақытша болу (тұру) мерзімі, мүше - мемлекет еңбекшісінің жұмыс берушімен және (немесе) жұмыстарға (қызметтерге) тапсырыс берушімен жасалған еңбек немесе азаматтық-құқықтық шартының қолданылу мерзімімен белгіленеді

Еңбек қызметін жүзеге асыру немесе жұмысқа орналасу мақсатында басқа мүше - мемлекеттің аумағына келген мүше - мемлекеттің азаматтары келу күнінен бастап 30 тәулік ішінде тіркелу (есепке қою) міндетінен босатылады. Мүше - мемлекет азаматтарының басқа мүше - мемлекет аумағына келген күнінен бастап 30 тәуліктен астам уақыт өткен жағдайда, егер тіркелу міндеті келген мемлекет заңнамасында белгіленген болса, бұл азаматтар келген мемлекет заңнамасына сәйкес тіркелуге (есепке тұруға) міндетті.

Жұмысқа орналастырушы мемлекеттің аумағына келген күннен бастап 90 тәулік өткеннен кейін еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, еңбекші жұмысқа орналастырушы мемлекеттің аумағынан шықпай-ақ, 15 күн ішінде жаңа еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт жасауға құқылы.

ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ - МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа мүше - мемлекеттің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім күшіне енді (бұдан әрі – Келісім)

Келісім халықаралық шарт болып табылады, ЕАЭО туралы шартқа негізделген, еңбекшілер мен отбасы мүшелеріне қатысты қолданылады және ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттердің азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қатынастарды реттеуге бағытталған

Келісімнің негізгі мақсаты жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарына арналған шарттарда және тәртіппен ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттер еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру болып табылады

Келісімге сәйкес ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағында еңбек немесе өзге де қызметті жүзеге асыру арқылы зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын не болмаса қалыптастырылған ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттің азаматы еңбек етуші болып табылады

ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет өз азаматтарына берілетін құқықтардың көлеміне тең көлемде, бірдей шарттар бойынша ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыру құқықтарына кепілдік беруі тиіс



Қазақстан Республикасында ЕАЭО елдерінен еңбекшіні тартқан жұмыс беруші 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗК-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде аударуды жүзеге асыруға міндетті.

ЕАЭО ЕЛДЕРІНІҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕЛЕРІ



	Армения 	Беларусь 	Қазақстан 	Қырғызстан 	Ресей 
МОДЕЛІ:	Аралас (үлестіруші+ жинақтаушы)	Үлестіруші	Аралас (үлестіруші+ жинақтаушы)	Аралас (үлестіруші+ жинақтаушы)	Аралас (үлестіруші+ жинақтаушы)
Зейнетақы аударымдарының мөлшерлері және көздері	Міндетті жинақтаушы жарна (МЖЖ): 10% (5% - қызметкер, 5% - мемлекет)	ХӘҚҚ-на міндетті сақтандыру жарналары (МСЖ): 29% (28% - жұмыс беруші, 1% - қызметкер)	Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ): 10% (қызметкер есебінен); міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) – 5% (жұмыс беруші қаражаты есебінен)	Сақтандыру жарналары 27,25%, оның ішінде: 17,25% жұмыс беруші есебінен, 10% қызметкер есебінен	Міндетті сақтандыру жарнасы (МСЖ) - 22% еңбекақы қоры (жұмыс беруші) есебінен, оның ішінде 16% - сақтандыру бөлігіне, 6% - жинақтаушы бөлікке. 2014 ж. бастап 2023 ж. дейін – барлық 22% сақтандыру бөлігіне кетеді, физикалық тұрғыдан бұл ақша қазіргі зейнеткерлерге зейнетақы төлеуге жұмсалады

КЕЛІСІМ ТАРАЛАТЫН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Армения

Еңбек зейнетақысы:

- жасы бойынша;
- жеңілдік шартымен;
- еңбек сіңірген жылдары үшін;
- мүгедектігі бойынша;
- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша;
- ішінара;

міндетті жинақтаушы зейнетақы: аннуитет; бағдарламалық төлем; біржолғы төлем; мұрагерлерге біржолғы төлем

Беларусь

еңбек зейнетақысы:

- жасы бойынша;
- еңбек сіңірген жылдары үшін (әскери қызметшілердің, оларға теңестірілген адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысынан басқа);
- мүгедектігі бойынша;
- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша

Қазақстан

БЖЗҚ-дан қалыптастырылған зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері:

- зейнет жасына толған кезде;
- егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топ мүгедектігін белгілеу кезінде;
- мұрагерлерге біржолғы төлем

Қырғызстан

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақылар:

- жасы бойынша;
 - мүгедектігі бойынша;
 - асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша;
- мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының қаражатынан зейнетақының жинақтаушы бөлігі;** мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының қаражатынан қалыптастырылған зейнетақы жинағы есебінен төлемдер

Ресей

сақтандыру зейнетақысы:

- кәрілік бойынша;
- мүгедектігі бойынша;
- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша;

сақтандыру зейнетақысына тіркелген төлем, сақтандыру зейнетақысына тіркелген төлемді арттыру және (немесе) ұлғайту және сақтандыру зейнетақысына үстеме ақы төлеу

жинақтаушы зейнетақы және зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен өзге де төлемдер



Еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтарына арналған шарттарда жүзеге асырылады. Бұл ретте Келісімнің 4-бабымен еңбекші тиісті мүше - мемлекеттің аумағында тұрған жағдайда ғана жүргізілетін зейнетақы түрлері айқындалған.

Еңбекшіге зейнетақы тағайындау және төлеу үшін құжаттар тізбесі ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекеттің ұлттық заңнамасында айқындалады.

АРМЕНИЯ

Жасы:

әйелдер/ерлер үшін 63 жас

Еңбек өтілінің болуы

күңтізбелік 10 жылдан кем емес

БЕЛАРУСЬ

Жасы:

әйелдер үшін - 55/58 жас
ерлер үшін - 60/63 жас
(2017 жылдан бастап 0,5 жасқа кезең-кезеңімен жыл сайын 2022 жылы 58/63 жасқа дейін арттыру арқылы), 2022 жылы әйелдер үшін- 58 жас, ерлер үшін - 63 жас

Міндетті сақтандыру жарналары төленген кемінде 16 жыл жұмыс **өтілінің болуы** (2017 ж. бастап 2025 жылы 20 жылға дейін кезең-кезеңімен арттыру), 2022 жылы – кемінде 18,5 жыл

ҚАЗАҚСТАН

Жасы:

ерлер үшін – 63 жас
әйелдер үшін – 2022 жылы 60,5 жас, 2023 жылдан бастап 2028 жылға дейін – 61 жас (ҚР Президентінің жолдауында айтылған жоспарланған өзгерістерге сай)

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері үшін – еңбек өтілінің болуы **талап етілмейді**

ҚЫРҒЫЗСТАН

Жасы:

әйелдер үшін - 58 жас
ерлер үшін - 63 жас

Сақтандыру өтілінің болуы:
ерлер үшін – 25 жыл
әйелдер үшін – 20 жыл
(толық зейнетақыны тағайындау үшін)

РЕСЕЙ

Жасы:

әйелдер үшін - 55/60 жас, ерлер үшін - 60/65 жас (2019 жылдан бастап зейнетақы жасы 55,5/60,5 жастан 60/65 жасқа дейін кезең-кезеңімен 2028ж. дейін ұлғаяды),
2022 жылы әйелдер – 56,5, ерлер 61,5 жас

Сақтандыру өтілінің болуы 15 жылдан кем емес (кезең-кезеңмен 2015-2024жж.)

2015 – 6 жыл,	2020 – 11 жыл
2016 – 7 жыл	2021 – 12 жыл
2017 – 8 жыл	2022 – 13 жыл
2018 – 9 жыл	2023 – 14 жыл
2019 – 10 жыл	2024 – 15 жыл

2015 жылдан бастап РФ енгізілді

ЖЗК* 2025 жылдан бастап 30 балдан кем емес.

(2015ж. бастап +2,4 жыл сайын):

2015 – 6,6	2020 – 18,6
2016 – 9,0	2021 – 21,0
2017 – 11,4	2022 – 23,4
2018 – 13,8	2023 – 25,8
2019 – 16,2	2024 – 28,2
	2025 – 30,0

***Жеке зейнетақы коэффициенті (ЖЗК)** - РФ Зейнетақы қорына есептелген және төленген, зейнетақыны қаржыландыруға арналған сақтандыру жарналарының, сақтандыру өтілінің ұзақтығын, сондай-ақ белгілі бір кезеңге сақтандыру зейнетақысын алудан бас тартуды ескере отырып, сақтанушының сақтандыру зейнетақысына зейнетақы құқықтарын салыстырмалы бірліктерде көрсететін параметр.

ЗЕЙНЕТАҚЫҒА ҚҰҚЫҚТЫ АНЫҚТАУ, ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ БӨЛІГІНДЕГІ КЕЛІСІМ НОРМАЛАРЫ



Әрбір мүше - мемлекет зейнетақыға құқықты осы Келісімнің ережелерін ескере отырып, оның аумағында жиналған жұмыс өтіліне байланысты өз заңнамасына сәйкес айқындайды (7-баптың 1-тармағы)

Егер бір мүше - мемлекеттің бір аумағында жиналған жұмыс өтілі зейнетақыға құқықтың туындауы үшін жеткіліксіз болса, уақыты бойынша тура келген жағдайларды қоспағанда, басқа мүше - мемлекеттердің заңнамасына сәйкес басқа мүше - мемлекет аумағында жиналған жұмыс өтілі ескеріледі (7-баптың 2-тармағы)

Ресей Федерациясында Келісімнің 7-бабының 1-тармағына сәйкес зейнетке шығу құқығын анықтау кезінде жеке зейнетақы коэффициентінің (ЖЗК) шамасы Ресей Федерациясының аумағында, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағында жиналған жұмыс өтілі кезеңі үшін айқындалады

Егер Келісімнің 7-бабының 3-тармағының бірінші абзацына сәйкес айқындалған ЖЗК шамасы зейнетақыға құқықтың туындауы үшін жеткіліксіз болса, онда мүше мемлекеттердің аумағында жиналған 1 жыл жұмыс өтілі үшін 1-ге тең ЖЗК шамасы ескеріледі. Бұл ретте 1 ай жұмыс өтілі толық күнтізбелік жыл үшін коэффициенттің 1/12 бөлігін, 1 күн жұмыс өтілі толық күнтізбелік жыл үшін коэффициенттің 1/360 бөлігін құрайды (7-баптың 3-тармағы)

Жинақтаушы зейнетақыны, сондай-ақ мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша еңбек (сақтандыру) зейнетақысын қоспағанда, ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттің заңнамасына сәйкес зейнетақы тағайындауға үміткер еңбекшінің (отбасы мүшесінің) сол аумақта жиналған **жұмыс өтілі толық 12 айдан кем болмаса**, зейнетақы алу құқығы туындайды

Жинақтаушы зейнетақы, сондай-ақ мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша еңбек (сақтандыру) зейнетақысын алу құқығы мүше - мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленеді (7-баптың 4-тармағы)

Зейнетақыны тағайындау және төлеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

Келісім күшіне енгеннен кейінгі жұмыс өтілі үшін зейнетақы тағайындалады және төленеді:

- тиісті жұмыс өтілі өтелген мүше - мемлекет

Келісім күшіне енгенге дейінгі жұмыс өтілі үшін зейнетақы тағайындалады және төленеді:

- Мүше - мемлекеттердің және 1992 жылғы 13 наурыздағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттер азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарының кепілдіктері туралы келісімге және заңнамасына сәйкес.
- Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясы үшін – Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы 2006 жылғы 24 қаңтардағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы шарт.

КЕЛІСІМ ШЕҢБЕРІНДЕ БЖЗҚ-дан ТӨЛЕНЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттің аумағындағы еңбек қызметі кезеңдері үшін зейнетақыға (Келісімнің 2-бабында көзделген зейнетақы түрлерінің аясында) құқығын жүзеге асыру мақсатында еңбекшілер тұратын немесе еңбек ететін мемлекеттің құзыретті органына (ҚР аумағында - БЖЗҚ) жүгінуге құқылы, онда зейнетақыны талап ете алатын еңбекшілер ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттің құзыретті органдарына құжаттар жіберу бойынша қажетті кеңес пен көмек ала алады.

1

зейнет жасына жеткен кезде

2

мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе,
бірінші және екінші топ мүгедектігін
белгілеу кезінде

3

мұрагерлерге біржолғы төлем
(еңбекші қайтыс болған жағдайда)

*Еңбекші өтінішпен және
Қрoның заңнамасымен
белгіленген құжаттар
пакетімен жүгінеді*

БЖЗҚ
(ҚР құзыретті
органы)

еңбекшілер
тұратын
мемлекеттің
құзыретті
органы

Егер зейнетақы алушының банк шоты РФ аумағында ашылатын болса, онда БЖЗҚ тоқсан сайын зейнетақыны РФ Зейнетақы қорының есеп айырысу шотына ресей рублімен аударады, оны РФ Зейнетақы қоры алушының банк шотына аударады. Тиісінше, дәл осындай тетік ЕАЭО-ның басқа елдерінің азаматтарына да қатысты қолданылады.

КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ ЕАЭО-ҒА МҮШЕ - МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІ ОРГАНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТӘРТІБІ



Келісімді іске асыру ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы Келісім нормаларын қолдану жөніндегі өзара іс-қимыл тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.



ЕАЭО-ға мүше - мемлекеттердің құзыретті органдары арасында еңбекшілерге (олардың отбасы мүшелеріне) зейнетақы белгілеу және төлеу үшін қажетті құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасу бойынша ақпараттық өзара іс-қимыл ЕАЭО-ның интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы электрондық түрде жүзеге асырылатын болады.

ЕАЭО-ның интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалануға көшкенге дейін құзыретті органдар арасындағы өзара іс-қимыл қағаз түрінде Өзара іс-қимыл тәртібімен көзделген формулярлармен, сондай-ақ зейнетақы тағайындау және төлеу үшін қажетті құжаттармен алмасу арқылы жүзеге асырылады.

Келісім шеңберінде зейнетақы тағайындау кезінде БЖЗҚ:



ЕжХӘҚМ ЕжӘҚК-мен* өзара іс-қимыл жасайды (*жұмыс өтілін растау (жасы бойынша зейнетақы үшін), сондай-ақ еңбекшілерді сырттай медициналық куәландыру және БЖЗҚ-дан төлем алуға ниетті адамдар үшін мерзімсіз 1, 2 топтағы мүгедектікті белгілеу бөлігінде*).

ДСМ-мен** өзара іс-қимыл жасайды (*мүгедектік бойынша зейнетақыға ниетті еңбекшілерді медициналық тексеру бөлігінде және еңбекшісі зейнетақыға ниетті болып отырған ЕАЭО елдерінің басқа да құзыретті органдарына БЖЗҚ-ның әрі қарай жіберуі үшін «Медициналық тексеру туралы» формулярды толтыру мақсатында*).

* Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

01.11.2022 жылғы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы Еңбек мигранттарының саны



Өңір атауы	ЕАЭО салымшы-азаматтар бойынша мәлімет*				
	Азаматтығы				Барлығы
	Армения	Беларусь	Қырғызстан	Ресей	
Ақмола облысы	67	55	55	770	947
Ақтөбе облысы	27	14	8	824	873
Атырау облысы	59	24	40	881	1 004
Шығыс Қазақстан облысы	7	11	12	1 865	1 895
Жамбыл облысы	-	2	56	83	141
Батыс Қазақстан облысы	17	48	3	1 079	1 147
Қарағанды облысы	101	42	50	1 070	1 263
Қостанай облысы	156	388	24	2 216	2 784
Қызылорда облысы	1	3	1	32	37
Маңғыстау облысы	9	4	1	508	522
Абай облыстық филиалы	5	3	7	340	355
Жетісу облыстық филиалы	4	24	117	294	439
Павлодар облысы	28	8	21	1 952	2 009
Солтүстік Қазақстан облысы	133	19	10	965	1 127
Түркістан облысы	-	3	1	17	21
Алматы қ. филиалы	769	2 271	1 675	11 834	16 549
Астана қ. филиалы	153	95	230	1 287	1 765
Шымкент қ. филиалы	2	6	26	108	142
Ұлытау облысы	2	-	-	1	3
Барлығы	1 540	3 020	2 337	26 126	33 023

**Ақпарат 01.01.2021 ж. бастан 30.10.2022 ж. дейін ЖЗШ өтінішсіз тәртіпте ашылған салымшылар бойынша берілді.*

**2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАРАШАДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША БЖЗҚ-
ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЕҢБЕК
МИГРАНТТАРЫНЫҢ/МҰРАҒЕРЛЕРДІҢ САНЫ**



Өңір атауы	Төлем түрі	
	Мұрагерлерге төленетін төлем	Зейнет жасына толу бойынша төлем
Ақмола облысы		4
Ақтөбе облысы		4
Алматы	2	3
Шығыс Қазақстан облысы		4
Жамбыл облысы		1
Қарағанды облысы		1
Қостанай облысы	1	6
Маңғыстау облысы		1
Павлодар облысы		6
Барлығы	3	30

**2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАРАШАДАҒЫ ЖАҒДАЙ
БОЙЫНША ЕАЭО-ҒА МҮШЕ БАСҚА
МЕМЛЕКЕТТІҢ АУМАҒЫНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ
ТАҒАЙЫНДАУҒА ҮМІТКЕР ЕҢБЕК
МИГРАНТТАРЫНЫҢ САНЫ**

Өңір атауы	Жасы бойынша зейнетақы	Құзыретті органның шешімі
Шығыс Қазақстан облысы	1	Қырғызстан Республикасында зейнетақы тағайындалды
Барлығы	1	

 www.enpf.kz enpf@enpf.kz 1418

Назарларыңызға рақмет!

